

ӘОК: 619:616.995.121 (574.1)

Д. Т. Тажбаева¹, магистрант,
К. Е. Мурзабаев¹, ветеринария ғылымдарының кандидаты,
Е. Қ. Туяшев², ветеринария ғылымдарының кандидаты,
Р. С. Сабиров¹, магистрант

¹Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

²«Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринария стансасы» Орал қ., ҚР

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЛАРВАЛЬДЫ ЭХИНОКОККОЗДЫҢ ТАРАЛУЫ

Аннотация

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысындағы эхинококкоздың таралу аймағы көрсетілген. Инвазиялық аурулардың экономикалық және әлеуметтік зияны қарастырылған.

Түйін сөздер: инвазия, протозооздар, гельминтоздар, эхинококкоз

Кіріспе. Инвазиялық аурулар барлық жерде таралып дүние жүзі елдерінің бәрінде тіркелген. Үй және жабайы малдардың барлығы да осы аурулармен ауырады. Инвазиялық аурулардың экономикалық және әлеуметтік зияны орасан зор.

- Малдың жаппай қырылуы, бірінші кезекте мал төлінің әсіресе протозооздарда (пироплазмидоздар, тейлериоздар, эймериоздар және т.б.), гельминтоздарда (диктиокаулез, мониезиоз, фасциоз тағы с.с.) байқалуы;

- Ет, сүт, жұмыртқа, жүн өнімділігінің азаюы және олардың тауарлық, қоректік сапаларының күрт төмендеуі.

Өзектілігі. Қойлардың гельминтоздарының ішінде, қазіргі уақытта, ең көп тарағаны – эхинококкоз.

Эхинококкоз (гидатидоз) – *Echinococcus granulosus* цестодасының балаңқұрт сатысы тудырған созылмалы ауруы.

Ларвалды эхинококкозға 60 жуық сүт қоректілердің: қой, ірі қара мал, жылқы, есек, шошқа, зебу, қодас, буйвол, елік, сайғақ, бұғы және т.б. түрлері, сонымен бірге адам мен маймыл бейім.

Аралық иелерінде ларвоцисталар бауырда, талақта және кейде басқа ұлпалар мен мүшелерде (кейде тіпті сүйек пен тарамыста) дамиды. Қазақстанның барлық аймағында жылдың барлық мезгілдерінде кездесіп, қой шаруашылығының дамуына үлкен зиян келтіреді. Сондықтан эхинококкозды зерттеу жұмыстары қазіргі уақытта жалғасуда, осы ретте әртүрлі препараттар сыналып, олардың экстенс және интенс тиімділіктері анықталып, өндіріске ғылыми ұсыныстар дайындалып, енгізілуде.

Эхинококкоздың таралу жиілігіне байланысты Қазақстан территориясын шартты үш аймаққа бөлген. Эхинококкоздың ең көп тараған аймағына Батыс Қазақстан облысында енеді (2000-2009 жылдар С.О. Ордабеков деректері бойынша) 1-ші суретте қарастырылған.

Батыс Қазақстан облысында эхинококкоз індетінің таралуын аудандарға бөліп көрсек, мынаған көзіміз жетеді.

Тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің статистикалық талдауларының нәтижелері бойынша, адамдар арасындағы эхинококкоз ауруының таралу деңгейі анықталды.



1 сурет – 2000-2009 жылдар С.О. Ордабеков деректері бойынша

Соңғы төрт жылда облысымыз бойынша адамдар арасындағы эхинококкоз ауруының 2011-2015 жылдармен салыстырғанда төмендегені байқалып отыр, алайда бұл мүлдем жоқ деген сөз емес. (кесте-1).

1 кесте – БҚО бойынша адамдар арасындағы эхинококкоз ауруының таралуы 2011 – 2015 жж.

№	АУДАНДАР	ЭХИНОКОККОЗ				
		2011	2012	2013	2014	2015 (8 айы)
1	Ақжайық	1	3	2	0	2
2	Бөкейорда	0	0	0	0	0
3	Бөрлі	0	0	0	0	0
4	Жаңақала	1	1	0	0	0
5	Жәнібек	2	2	2	0	0
6	Зеленов	2	4	2	0	0
7	Қазталов	3	2	1	2	0
8	Қаратөбе	1	1	3	2	1
9	Сырым	4	2	2	0	0
10	Тасқала	0	0	0	0	0
11	Теректі	3	7	2	2	1
12	Шыңғырлау	0	3	0	0	0
13	Орал қаласы	22	11	11	6	3
Облыс бойынша		39	36	25	12	7

Адам ағзасындағы эхинококкоздың ең көп тараған мүшесі бұл бауыр – 54,24% екендігі көрсетілсе, қалған мүшелерде таралуы шамамен суретке сәйкес, өкпеде – 26,1%, бүйректе – 4,0%, көк бауырда – 2,3%, ішекте – 1,5%, жүректе – 1,4%, сүйек, ми және бұлшықетте – 0,8%, қалқанша безде – 0,3% болатындығы көрсетілген.

Батыс Қазақстан облысының шаруашылық бағыты – мал шаруашылығы. Мал шаруашылығы кешені негізінен ірі қара шаруашылығы мен қой шаруашылығынан тұрады. Көптеген зерттеулердің нәтижесі бойынша, мал шаруашылығы жануарларында эхинококкоз өте көп кездеседі.

Батыс Қазақстан облысында мүйізді ірі қара 16,0-75,0%, қойлар 16,2-53,7%, шошқалар 2,9-21,7%, түйелер 21,8-70,0% шамасында залалданғаны зерттелген.

М.Ш.Шалменовтың мәлімдегеніндей, облыс аумағында эхинококкоздың тұрақты ошағы

төмендегідей белгіленді:

1. Облыс аумағында ауру ошағы тіркеліп, онда 100 мың халықтың жыл сайын 30-дан астам адамы осы ауруға шалдығады. Осындай ауру ошағына жататыны – Тасқала ауданы;

2. 30% аумағының тұрақты ошағына жататыны (орта есеппен жылына 12 адам ауырады): Қаратөбе, Сырым, Шыңғырлау аудандары;

3. 20% аумағының тұрақты ошағына жататыны: Ақжайық, Бөрлі, Зеленов, Теректі аудандары және Орал қаласы.

Аумақта эхинококкоздың тұрақсыз ошақтарына жататыны: Бөкейорда, Жанақала, Жәнібек, Қазталов аудандары. Мұнда 100 мың халыққа орташа көрсеткіші 0,5-4,0%.

Батыс Қазақстанда соңғы жылдары жүргізілген зерттеу деректері бойынша тіркелгені: 2340 қойды тексергенде эхинококкозға шалдыққаны 655, яғни 28%. 3120 ірі қараны тексергенде эхинококкозға шалдыққаны 47, яғни 9% көрсетілген.

Батыс Қазақстан облысының түрлі аудандарында 2223 бас қой, 783 бас мүйізді ірі қара және 79 бас шошқа эхинококкозбен зақымданған. Ересек мүйізді ірі қараның инвазия экстенсивтілігі 12,5%-дан 57,7%-ға дейін, 1 жасқа дейінгі шошқаларда 25,3%-ға дейін болса, 3-4 жастағы қойларда ауруға шалдығу 7,8-ден 68,2% аралығында болғаны анықталған.

Эхинококктың мал ағзасында 7-8 жыл өмір сүретінін есепке алсақ, осы кеселден ауылшаруашылық саласы көптеген экономикалық шығынға ұшырайтынын көпшіліктің біле бермейтіні өкінішті.

Атап айтқанда, эхинококкозға душар болған әр 100 саулық қойдан 12 төл кем алынып, әр қойдан 200 г жүн аз қырқылып, сойылған әр қойдан 2,2 килограмм ет кем алынады екен. Бұл ауруға ұшыраған сиыр сүтті екі есе аз беретіні белгілі.

Эхинококкоз адам денсаулығына да елеулі зиян келтіруде. Онымен ауырған әрбір адамды емдеу үшін орта есеппен 1 500 000 нан аса қаражат керек екен. Оған қоса сырқаттың жан қиналысын, жақындарының көңіл-күйін, олардың күйзелісін қосыңыз. Қанша адам денсаулығын жоғалтып, мүгедектер санына қосылады. Кейбір адамдардың кеселі қайталанып, қайтадан екі-үш рет операция столына түсіп жатады. Сондықтан, эхинококкозды жәй ғана кесел деп санап, оған жеңіл-желпі қарау түсінбеушілік болады.

Шаруашылық шығындары малдың өлімінен, ет, сүт, жүн өнімдерінің төмендеуінен және жас малдың өспеуінен туындайды. Бұл мәселені зерттеу 60 жылдардан басталған. Шығынды есептеуге байланысты алғашқы жұмыстар ет өнімдерімен эхинококкоз жұқтырған ауру мүшелердің массасын салыстыру жолымен жүргізілді. Эхинококкоз малдың семіздігін төмендететіндігі анықталды.

Әдістер мен материалдар: Капрологиялық зерттеу, Фюллеборн әдісі. Еткоректілер гельминттер фаунасын жануарлардың ішек-қарын жолдарын толық гельминтологиялық К.И. Скрябиннің зерттеу әдісімен анықтадық. Қарындағы заттарды реттік шаю әдісі арқылы зерттедік.

Өзіндік зерттеулер. Эхинококкоздың таралу деңгейін зерттеу жұмыстарын иттердің гельминттерін тексеру арқылы анықтадық. Зерттеу жұмыстары Батыс Қазақстан ғылыми зерттеу ветеринария стансасында Скрябин бойынша толық емес жарып сою арқылы қаламыздың әртүрлі аудандарынан ауланып әкелген бұралқы иттерді жарып сою арқылы жүргізілді. Сойылған иттердің ішектерінен түгелдей эхинококкоз құрттары табылды.

Қаламыздың әртүрлі аймақтарынан ұсталынып әкелінген бұралқы қаңғыбас иттерді толық гельминтологиялық жарып сою (Скрябин К. И.) әдісімен зерттеу барысында ТГЗ нәтижесінде сойылған 10 иттің түгелдей гельминттермен залалданғанын микроскоптың көмегінсіз көрдік. Нәтижесі төмендегі кестеде келтілді (кесте 2).

2 кесте – Иттердің гельминттермен зақымдалуы

Гельминт түрлерінің атаулары	Деркөл ауданы		Зашаған ауданы		Желаев кенті	
	бас	%	бас	%	бас	%
		3	100	3	100	4
Тения гидатигена	1	33,3	-		2	50
Мультицепс-мультицепс	1	33,3	-		2	50

Э.гранулезус	3	100	3	100	4	100
Дипилидиум Канинум	3	100	3	100	4	100
Токсокара Канис	3	100	2	67	4	100
Токсаскарис Леонина	2	67	1	33,3	3	75

Қорытынды. Эхинококкоз Қазақстан территориясындағы ауыл шаруашылығы малдарының арасында кең таралған. Ауруды жұқтыру бейімділігі солтүстіктен оңтүстікке қарай өсе түсетіндігі байқалады. Мал жасының өсуіне инфекцияның экстенсивтілігіне байланысты екендігі нақты анықталған. Мұндай заңдылық паразиттің физиологиялық дамуына немесе өсуіне қатысты. Семіз мал орташа семіздіктегі малдан гөрі 3-5 есе аз ауыратыны байқалған. Қошқарларға қарағанда саулықтардың эхинококкозбен ауыруы екі есе жоғары. Бұл малдың экологиялық және физиологиялық жағдайына байланысты. Эхинококкоздың экономикалық зияны да едәуір, өйткені мал өнімі көбеймейді, ет, сүт, жүн өнімдері төмендейді және мал басы өспейді. Дегенмен мал өнімі аса байқалмауы мүмкін, өйткені ауру малды сол жерде сояды немесе ет комбинатына өткізеді.

Эхинококкоз адам мен мал денсаулығына едәуір зиян келтіретін елдің экономикасына зиян келтіретін медицина және ветеринарияның маңызды проблемасы болып табылады. Әрбір шаруашылық жыл сайын эхинококкозбен ауыратын 100 қойға байланысты 220 кг ет, 50 бауыр, 30 өкпе, 20 кг жүн және 7-12 қазы ала алмайды. Бұл кезде өмірлік маңызы бар паренхиматоздық органдар-өкпе, бауыр, ми және т.б. бүлінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сулейменов М.Ж., Серикбаев Б.К., Кереев Я.М. и др. Основные гельминтозы овец и меры борьбы с ними в Республике Казахстан : рекомендации. – Алматы, 2006. – 5 с.
- 2 Аманжол Р.А. Возрастная и сезонная динамика ассоциативных инвазий овец в Западно-Казахстанской области : матер. Междунар.науч.-практ.конф. «Актуальные проблемы современной ветеринарии», посвященной 65-летию ветеринарной науки Кубани. Часть II. – Краснодар, 2011. – С. 65-68.
- 3 Шалменов М.Ш. Научные основы борьбы с эхинококкозом в Западном Казахстане : автореф. дис.докт.вет. наук. – Алматы, 2009. – 54 с.

РЕЗЮМЕ

В статье показан ареал распространения эхинококкоза в Западно-Казахстанской области. Дана оценка экономического и социального ущерба от инвазионных заболеваний.

RESUME

This article describes the spread of echinococcosis in the West-Kazakhstan region. It was given the estimation of the economic and social damage caused by parasitic diseases.